

## №1 ХАТТАМА

### Қызылорда қаласы Әйтеке би №29 А мекен-жайында орналасқан бас оқу ғимаратындағы студенттік асхананы жалға беру жөніндегі конкурстық комиссияның қорытындыларын шығару туралы

Қызылорда қаласы

«18» қараша 2024 жыл

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректорының 2024 жылғы 27 қыркүйектегі тұрғын емес үй-жайын жалға беру бойынша конкурс өткізу туралы №337-а бұйрығына сәйкес құрылған Комиссия мен Әйтеке би көшесі, 29 А мекен-жайында орналасқан бас оқу ғимаратындағы студенттік асхананы жалға (жалдауға) беру мәселесі бойынша отырыс өткізілді.

**Күн тәртібі:** Тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жөніндегі конкурстық комиссияның отырысы.

#### **Конкурстық комиссияға қатысқандар:**

Комиссия төрағасы: Ж.Н.Базартай – Басқарма мүшесі-әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры

Төраға орынбасары: Ғ.К.Утегенов – Шаруашылық жұмыстар жөніндегі департамент директоры

Комиссия мүшелері:

М.С. Қожанова – Асхана меңгерушісі

Комиссия хатшысы:

Г.М.Тұрар – Экономика және жоспарлау бөлімінің экономисті

**Қатыспағандар:** Н.К.Рабатова, А.Ш. Шыңғысбаев.

Конкурстық өтінімдерді қарау жері: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, №29А мәжіліс залы.

1. Өтінімдер салынған конверттерді соңғы мерзім аяқталғанға дейін келесі әлеуетті қатысушылар ұсынды

№	Қатысушылар	Тапсырған күні, уақыты	Баға ұсынымы
1	«Аханова» ЖК	18.11.2024 ж, 9:20	350 000 (үш жүз елу мың) теңге
2	«НБК-Сервис КЗО» ЖШС	18.11.2024 ж, 9:37	400 000 (төрт жүз мың) теңге
3	«Бидайық» ЖК	18.11.2024 ж, 9:51	340 000 (үш жүз қырық мың) теңге

2. Қабылданбаған өтінімдер жоқ.

3. Конкурстық комиссия «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру ережесінің 6.2 тармағына сәйкес өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша баға ұсынысында ең көп соманы ұсынып, ең көп дауыс жинаған және объектіні жалға алудың тиімді шарттарын ұсынған әлеуетті қатысушы жеңімпаз болып табылады.

**Комиссия ШЕШТІ:**

1) Қызылорда қаласы Әйтеке би көшесі, №29А мекен-жайында орналасқан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ-ның бас оқу ғимаратындағы студенттік асхананы жалға беру жөніндегі конкурсы бойынша жеңімпаз: «НБК-Сервис КЗО» ЖШС.

2) Конкурсты ұйымдастырушы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ 2024 жылдың 25 қарашадан бастап студенттер мен қызметкерлерді тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алу) шартын 2025 жылдың 31 қазанына дейін жасалсын.

3) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ комиссия хатшысы асхананың тұрғын емес үй-жайын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қорытындылары туралы осы хаттаманың мәтінін университеттің интернет-порталына орналастырсын.

Осы шешімге дауыс бергендер:

Жақтап - 3 дауыс

Қарсы – 0 дауыс

Қалыс қалғандар – 0 дауыс

Комиссия төрағасы:



Ж.Н. Базарбай

Төраға орынбасары:



Ғ.К. Утегенов

Комиссия мүшелері:



М.С. Қожанова

Комиссия хатшысы:



Г.М.Тұрар